

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 27 мамырдағы № 279-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 24-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

256-баптың 1-тармағы «ұлттық қауіпсіздік органдарында,» деген сөздерден кейін «сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда,» деген сөздермен толықтырылсын.

2. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат):

1) 5-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі «Қарсы барлау» деген сөздер «Барлау және қарсы барлау» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы б-1) тармақшамен толықтырылсын: «б-1) сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган;»;

3) 10-баптың 1-тармағының д) тармақшасы «мүддесіне орай» деген сөздерден кейін «барлау және» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 12-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Барлау ақпаратын алу мақсатында байланыс желілерін пайдаланумен байланысты арнаулы жедел-іздістіру іс-шараларын техникалық жағынан сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

5-тармақ «тек қана» деген сөздерден кейін «барлау және» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 14-баптың 1-тармағының екінші бөлігі «қызметінің материалдары» деген сөздерден кейін «барлау және» деген сөздермен толықтырылсын.

3. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Сыртқы барлау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау ақпаратын іздеп табу;»;

2) 1 2 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) «Сыртқы барлау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мүддесі үшін барлау қызметін жүзеге асыруға;»;

9) тармақша алып тасталсын.

4. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

22-баптың 1-тармағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде ,» деген сөздерден кейін «сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда,» деген сөздермен толықтырылсын.

5. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1-баптың 11) тармақшасы «ұлттық қауіпсіздік органдары,» деген сөздерден кейін «сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган,» деген сөздермен толықтырылсын.

6. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж.,

№ 5, 3 - құжат; № 13, 53 - құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) сыртқы барлау субъектілері өз іс-әрекеттерімен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шет мемлекеттердің ұйымдарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын хабардар етуді жүзеге асырады.»;

2) 8-баптың 3-тармағындағы «Астана қаласының соты» деген сөздер «сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 12 - бапта :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың мәлімдемесі бойынша сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурор тұрған жер бойынша немесе мұндай материалдар табылған жер бойынша экстремистік деп танып, әкелуге, басып шығаруға және таратуға тыйым салады.»;

бесінші бөліктегі «діни» деген сөз алып тасталсын.

7. «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 14, 60-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6 - 7, 27 - құжат) :

38-баптың 5-тармағы «Ұлттық қауіпсіздік органдары» деген сөздерден кейін «және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган» деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н. Назарбаев*